

"Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 286 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3763. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 635 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 N 635 Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 546-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 бұйрығына (2002 жылдың 2 қазанында N 1991 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 4-5 сандарында жарияланған; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2003 жылғы 7 қаңтарда NN 2108, 2109, 2110 нөмірлермен тіркелген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 895 , 2002 жылғы 28 желтоқсандағы NN 902 , 903 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2003 жылғы 3 сәуірде N 2226 тіркелген 2003 жылғы 27 наурыздағы N 143 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2003 жылғы 6 маусымдағы N 2353 тіркелген 2003 жылғы 21 мамырдағы N 210 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2003 жылғы 26 маусымдағы N 2380 нөмірмен тіркелген 2003 жылғы 2 маусымдағы N 221 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2003 жылғы 14 қарашадағы N 2559 тіркелген 2003 жылғы 21 қазандағы N 404 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2004 жылғы 24 маусымдағы N 312 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2004 жылғы 8 қарашадағы N 3199 тіркелген 2004 жылғы 21 қазандағы N 532 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің

тізіліміне 2004 жылғы 19 қарашадағы N 3209 тіркелген 2004 жылғы 12 қарашадағы N 579 , Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 3324 тіркелген 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 667 бұйрықтарымен енгізілген толықтыруларымен, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2005 жылғы 17 ақпандағы N 3446 тіркелген 2005 жылғы 2 ақпандағы N 38 бұйрықтарымен енгізілген толықтыруларымен) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімі мынадай мазмұндағы 90-тармақпен т о л ы қ т ы р с ы н :

"90. ОКА МФ KZ (нұсқа ККМ 01; нұсқа ПО 11.03)".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М. Қыпшақов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағасы